

## **Бәйтерек ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 20 қыркүйектегі № 414 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 24 қыркүйекте № 7435-07 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Бәйтерек ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Бәйтерек ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданының әкімі*

*М. Токжанов*

2024 жылғы 20 қыркүйектегі № 414  
қаулысына қосымша

1. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің "Бәйтерек ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыланатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" 2018 жылғы 28 наурыздағы № 210 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5126 болып тіркелген).

2. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің "Зеленов ауданы бойынша жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасын бекіту туралы" 2018 жылғы 21 желтоқсандағы №878 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5449 болып тіркелген).

3. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімдігінің "Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 наурыздағы №210 "Зеленов ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыланатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 167 қаулысы.

4. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімдігінің "Зеленов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 наурыздағы №210 "Бәйтерек ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыланатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2023 жылғы 25 сәуірдегі №215 қаулысы.

5. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімдігінің "Бәйтерек ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 9 маусымдағы № 310 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7209-07 болып тіркелген).

6. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімдігінің "Зеленов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 наурыздағы №210 "Бәйтерек ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыланатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2023 жылғы 5 шілдедегі №382 қаулысы.